


«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 К.А.Ергалиева



«Бекітемін»

№1 Гимназия директоры:

И.И.Бексултанова

«25» тамыз 2025ж



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
5 «Ә» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Адильченова М.М.

Ақтобе 2025ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыл» үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан, Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократия институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәрбиесі негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

- Қаңтар – заң және тәртіп айы;

- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

- Буллингтен қорған!

- Ойынға салауатты көзқарас;

- Өмірге салауатты қадам;

- Қоғамдық мүлікті қорға!

- Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» ҚС: «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	04.09.
2	«Мен және менің отбасым» ҚС : «МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	11.09
3	«Еңбек- адалдықтың айнасы» ҚС: «ҮЙГЕ ҚАУІПСІЗ ОРАЛУ: ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	18.09
4	«Еңбектің жемісі- бақыт» ҚС: «ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМДАР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	25.09
5	«Адал еңбек-жарқын болашақ кепілі» (Еңбегі адал жас өрен) ҚС: «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР: НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ» ЖЖЕ: «Біздің қала (ауыл), аудан.»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	30.09
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ				
1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1	«Тарих пен тіл тамырлас» ҚС: «ҚАУІПТІ ЧЕЛЛЕНДЖЕР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	02.10
2	«Тәуелсіздік – ұрпаққа берген үлкен бақыт» ҚС: «КӨШЕДЕГІ ҚАУІПТІ НЫСАНДАРДАН ҚАЛАЙ АУЛАҚ БОЛУҒА БОЛАДЫ?» ЖЖЕ: «Жол таңбаларының белгіленуі»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	09.10
3	«Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» республиканы күніне арналған сынып сағаты ҚС: «ҚАУІПСІЗ АШЫҚ ОЙЫН АЛАҢЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	16.10

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

1	«Біздің қоғамдағы әділеттілік» ҚС: «ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАЙТЫН ӘДЕТТЕР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	06.11
2	«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» ҚС: «БЕЙТАНЫС АДАМНЫҢ ШАҚЫРУЫНАН ҚАЛАЙ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ БАС ТARTУҒА БОЛАДЫ?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	13.11
3	«Әділдік пен жауапкершілік – егіз ұғым» ҚС: «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ» ЖЖЕ: «Қосымша секциялары бар бағдарламалар»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	20.11
4	«Әділ болуға өзінді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен» ҚС: «МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ »	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	27.11

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы ҚС: «ҚАУІПСІЗ АШЫҚ ОЙЫН АЛАҒЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшілері	04.12
2	«Қоғам игілігі үшін қызмет ету» ҚС: «ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАЙТЫН ӘДЕТТЕР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшілері	11.12
3	«Бірлік түбі-береке» ҚС: «ҮЙГЕ ҚАУІПСІЗ ОРАЛУ: ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК» ЖЖЕ: «Жол реттеушісінің белгілері»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшілері	18.12
4	«Ұнтымақтың түбі-игілік» ҚС: «ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМДАР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшілері	25.12

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

1	«Заңды білу- заман талабы» ҚС: «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР: НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сабақтың жоспары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	15.01
2	«Заңды құрметтеу- азаматтық парыз» ҚС: «ҚАУІПТІ ЧЕЛЛЕНДЖЕР»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	22.01
3	«Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріннің қас жауы»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	29.01

ҚС: «КӨШЕДЕГІ ҚАУІПТІ НЫСАНДАРДАН ҚАЛАЙ АУЛАҚ БОЛУҒА БОЛАДЫ?» ЖЖЕ: «Жол жүру белгілері және олардың қолданысы»			
---	--	--	--

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	«Жаңашылдық пен шығармашылық- заман талабы» ҚС: «ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАЙТЫН ӘДЕТТЕР»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	05.02
2	«Жаңашыл ұрпақ- жаңа Қазақстан» ҚС: «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	12.02.
3	«Жаңа идеялар- жаңа мүмкіндіктер» ҚС: «МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» ЖЖЕ: «Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері.Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ.Қоғамдық көлік»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	19.02
4	«Жасампаздық- ел дамуының өзегі» ҚС: «ҚАУІПСІЗ АШЫҚ ОЙЫН АЛАҢЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	26.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1	«Алғыс айту - парызым » ҚС: «ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАЙТЫНӘДЕТТЕР»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	05.03
2	«Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына» ҚС: «ҮЙГЕ ҚАУІПСІЗ ОРАЛУ: ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК» ЖЖЕ: «Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	12.03
3	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» ҚС: «ҚАҚТЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМДАР»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	19.03

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	«Біз таңдаған кітаптар» ҚС: «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР: НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ» ЖЖЕ: «Велосипедпен жүру»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	09.04
2	«Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» ҚС: «ҚАУІПТІ ЧЕЛЛЕНДЖЕР»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	16.04
3	«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» ҚС: «КӨШЕДЕГІ ҚАУІПТІ НЫСАНДАРДАН ҚАЛАЙ АУЛАҚ БОЛУҒА БОЛАДЫ?»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	23.04
4	«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» ҚС: «ҚАУІПСІЗ АШЫҚ ОЙЫН АЛАҢЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ» ЖЖЕ: «Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	30.04

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» ҚС: «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТ НӨМІРЛЕРІ»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	08.05
2	«Отбасы – бақыт мекені» ҚС: «МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	14.05
3	«Ынтымақ- достық кепілі» ҚС: «ҚАУІПСІЗ АШЫҚ ОЙЫН АЛАҢЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ» ЖЖЕ: «Қорытынды сабақ»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	21.05
4	«Білімім-Отаныма!» ҚС: «ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАЙТЫН ӘДЕТТЕР»	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	28.05